

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
Мемлекеттік Медицина Университеті

Факультет: жалпы тәжірибелік дәрігер

Кафедра: Жұқпалы аурулар

Интерннің өзіндік жұмысы

Орындаған: Ералы Ж

Тобы: 637

Тексерген: Курмангазин М.С

Тақырыбы:

- Терінің іріңді зақымдалуымен фурункул, абсцесс, флегмона екшеу диагностикасы. Экзантемамен сипатталатын инфекциялық аурулардың екшеу диагностикасы (есекжем, жіті экзема, жіті дерматиттер)

- Сібір жарасы
- Лейшманиоз
- Қызылша
- Жәншәу
- Қызамық
- Желшешек

- Фурункул
- Абсцесс
- Флегмона
- Есекжем
- Жіті экзема
- Жіті дерматит

Сібір жарасы

- *Bacilla anthracis* қоздыратын, зооноздар тобына жататын, айқын улану белгілерімен, терінің, лимфа түйіндердің және ішкі ағзалардың серозды-геморрагиялық қабынуымен сипатталатын аса қауіпті жұқпалы ауру.



Фурункул

- Фурункул-шаш фолликулы,
- май бездері және теріасты
- май клетчаткасының жедел
- іріңді некротикалық
- қабынуы. Көбіне
- орналасатын жерлері:
- Мойынның артқы беті; Иық
- алды, білезіктің сыртқы беті,
- бет аймағы, бөксе аймақтары.



Ауруды қоздыратын микроб түйнеме таяқшасы.

Аурудың негізгі көзі әртүрлі шаруашылық малдар.

Берілу жолдары: контактілі-жарақаттық, трансмиссивті, алиментарлы.

Түйнеме таяқшасы енген жердегі теріде ерекше бір даму тәртібі қалыптасады: дақ-түйін-көпіршік-геморрагиялық пустула-жара-қабыршақ

Жараның айналасында моншак тәрізді болып тағы да ұрпақтық көпіршіктер шығады. Маржан алқасы нышаны дейді.

Дамып болғанда терілік аффект 3 түстен тұрады: ортасы қара, оны қоршаған инфильтрат қызғылт, одан әрі қарай ісік бозғылт. Ісік тек жараның айналасында ғана емес алысқа таралады.

Науқастың жалпы жағдайы ауыр, ұзақ қызба, айқын ұлану белгілері, жалпы әлсіздік, дел-

Сибирская язва: симптомы и профилактика

Острое инфекционное заболевание, которым можно заразиться от животного. Имеет высокую летальность



Аэробная бактерия *Bacillus anthracis*. Вне организма человека и животных образует споры, которые отличаются большой устойчивостью и могут сохраняться во внешней среде до 10 лет

Домашние животные: крупный рогатый скот, ошан, козы, верблюды, свиньи, а также скотомогильники и т.п.

От человека к человеку эта болезнь практически не передается

Формы болезни и пути заражения

Лёгочная

Вдыхание пыли со спорами или вегетативными возбудителями болезни

Кишечная

Употребление в пищу загрязнённых спорами продуктов, воды

Кожная

Разделка туш животных, обработка шкур и т.п.

- Фурункулдың дамуы іріңді пустуланың түзілуінен басталады: микрофлораның шаш фолликулынан терінің емізік қабатына таралғанан кейін қабынбалы инфильтрат түзіледі. Инфильтрат ортасында некроз ошағы түзіледі (некротикалық стержень), некроз маңайында ірің жиналады. Ірің шыққанан кейін және некротикалық стержень алынғаннан соң, тері дефекті грануляцияға толып, дәнекерленеді.
- **Клиникасы**
- Науқасты қарағанда қабыну аймағында кішірек іріңдік болады, маңайында гиперемия Тері қошқыл қызыл түсті, инфильтрат ортасында қабыршақпен жабылған жұмсарған аймақ болады, қабыршақ астынан ірің шығады. Ірің шыққаннан кейін инфильтрат ортасында жасыл түсті тін аймағы анықталады, ол некротикалық стерженнің ұшы болып табылады.
- науқастар қатты бастың ауырсынуына, дене температурасының жоғарылауына, ауыспалы қызба, қатты қалтырау, сандырақ, есінің бұзылуы, тері жабындыларының бозаруы

● Лейшманиоз

- Протозойлы инфекция тобына жататын трансмиссивтік ауру. Лейшмания қарапайымдылар тобынан. Паразиттер адамдар мен жануарлар терісінің, ішкі ағзаларының гистиофагоцитарлық клеткалары ішінде мекендейді. Негізгі тасымалдаушы иттер.
- Клиникасы: жалпы әлсіздік, тез шаршау, **дене қызуы 39-40С көтеріледі, кенеттен төмендеп, толқынды түрде ауысып отрад,** қатты терлейді әсіресе түнде, шырыш қабаттары бозғылт, көкбауыр, бауыр көлемі ұлғаяды, асцит қалыптасады, бетінде аяқ-қолында ісік. Кахексия азып, арықтайды.
- Эозинофилия, лейкопения, тромбоцитопения, эритроцит тұрақтылығы төмендейді.

● Абсцесс

- Ұлпалардың шектелген іріңді қабынуын айтады. Ірің жиылған жерде патогендік қабық болады да, осы қабықтың сыртына ірің шыға алмайды, жайылуына мүмкіндік жоқ. өкпеге суық тиіп, ол кенеттен қабыну процесіне шалдығып қалса, өкпе арасында абсцесс пайда болуы мүмкін.
- Клиникалық көрінісі бірінші қатты ауырсынатын түйіннің пайда болуы, түйіннің айналасының қызаруы, бірнеше күннен кейін іріңге толы капсула пайда болады.



ыр,

Қызылша

Парамиксовирустармен қоздырылатын, ауа-тамшылы арқылы берілетін жұқпалы ауру. Жұқпалы аурудың көзі тек кана науқас адам.

Клиникасы **циклді ағыммен өтеді. Дене қызуының 38-39С көтерілуімен, шаршағыштықпен, тәбетінің нашарлауымен сипатталады, катаральды көріністер қалыптасады. Құрғақ жөтел, конъюнктивит, склерит пайда болады. Ұсақ қызыл дақты қызылша энантемалары (Филатов-Коплик-Бельский дақтары) пайда болады, макулопапулезді бөртпе.** Аймақтық лимфа түйіндері үлкейеді, балалардың 50% көкбауыры үлкейеді. Өкпеде шашыраңқы құрғақ сырыл. Шеткі қанда лейкопения, лимфоцитоз, ЭТЖ жоғарлайды



Флегмона

- **Флегмона** (көне грекше *φλεγμωνή* — қабыну) — дәнекер тінде болатын қабыну.
- Флегмона адамда, көбінесе, тері астындағы, алақан, табан, мойын, жамбас қуысында, т.б. жерлерде орналасқан майлы және дәнекер тіндерді зақымдайды. Флегмонаның бітеу жарадан айырмашылығы іріңді қабынудың басқа аймақтардан (тіндерден) шектейтін анық шекарасы болмайды. Аурудың қоздырғыштарына: стафилококк, стрептококк, анаэробты және іріңді микробтар, ішек таяқшалары жатады
- Флегмония диабет, витамин жетіспеушілік, организмнің әр түрлі себептерден әлсіреуі сияқты жағдайлардан жиі дамиды. Қабыну процесінің барысына қарай флегмона: серозды, іріңді, т.б. түрлерге бөлінеді. Аурудың жалпы белгілері: қабыну ошағы пайда болған жер ісініп, дене қызуы көтеріледі.



Рис. 1. Одонтогенная флегмона подглазничной области справа от 13




Рис. 2. Одонтогенная флегмона подглазничной, щечной областей слева






- Аурудың жалпы белгілері: қабыну ошағы пайда болған жер ісініп, дене қызуы көтеріледі. Ауырған жердің терісі қызарады, бірақ бір ерекшелігі, **оның қалыпты тіндерден бөлініп, нақ көзге көрінетін анық шекарасы байқалмайды.** Ауру үдеген сайын науқастың дене қызуы жоғарылап, басы ауырады, ұйқысы қашып, асқа тәбеті болмайды. Флегмонаны дер кезінде емдемесе, ол адам өміріне өте қауіпті. Егер ауру асқынып кетсе, организмде сепсистің дамуына әкеледі. Бет, мойын аймағындағы флегмона асқынып кетсе миға зақым келуі мүмкін. Саусақтардағы флегмонаның ауыр түрінен саусақтар бүгіліп-жазылу қимылын жоғалтады. Флегмонаны емдегенде негізінен хирург. операция жасалынады. Ауру асқынбаған жағдайда қабынған жерге әуелі суық, одан кейін жылу басады, антибиотиктер береді. [\[1\]](#)[\[2\]](#)



Жәншәу

- А тобындағы бета гемолитикалық стрептококкпен қоздырылатын, ағзаның улануымен, жедел тонзиллитпен және ерекше бөртпелермен сипатталатын жедел жұқпалы ауру. Аурудың берілу жолы ауа тамшылы.



- Клиникасы. Жәншәудің кардинальды 3 белгілері бар — қызба, тонзиллит, бөртпе. Ауру жедел басталады; қалтыраумен қатар, дене қызуы жоғары деңгейге көтеріледі, бас ауруы, жүрек айну, лоқсу болады. Қызба 3-5күн сақталады. 1-ші сағаттарда жедел тонзиллит дамып, жұтыну кезінде тамақ ауырып, ауыз жұтқыншағының шырышты қабықтарында айқын гиперемия дамиды. Шеткі қанда нейтрофильды лейкоцитоз, ЭТЖ жоғарлайды.



- Есекжем (urticaria) — теріде және шырышты қабатта кенеттен қызарып, күлдіреп, қышымалы бөртпелер түрінде болатын ауру; денені қалақай шаққан кездегі күлдіреуікке ұқсайды. Есекжемнің жедел және созылмалы түрі бар. Жедел түрі — кейбір тағамдардың организмге кері әсер етуінің салдары. Сондай-ақ, организмдегі аллергиялық реакция нәтижесінде де пайда болады.
- Мұндай кезде ауру кенеттен басталады. Күлдіреуіктердің пішіні мен көлемі әр түрлі, түсі ашық қызғылт, ортасы ақ. Көп жағдайда күлдіреуік бірнеше сағаттан кейін ешқандай із қалдырмай өзінен-өзі басылады. Кейде ауру ұзаққа созылып, науқастың қызуы көтеріліп, мазасы кетеді. Көмейдің кілегей қабығында бөртпе болғанда адам жөтеліп, тұншығады. Емді дәрігер тағайындайды. Ауырған адамға сүт, өсімдік тағамдары беріледі, әсіресе, аллергия тудыратын тағамдарды, ащы және сүрленген тағамдарды жеуге болмайды. Қышыманы басу үшін салқын компресс, жылы ванна қолданады, теріге спирттік ерітінділер (қырмызыгүл, 2%-тік салицил, арақ, т.б.) жағады.

● Қызамық

Тоғавирустармен қоздырылатын, жүкті әйелдерде жатырдағы нәрестенің зақымдануымен сипатталатын жедел вирусты ауру.


Клиникасы: аздап әлсіздік, бас ауыру, кейде бұлшық ет буындарының ауруы байқалады. **Ұсақ дақты экзантема, лимфаденопатиямен, орташа қызбамен сипатталады.**

Шеткі қанда лейкопения, лимфоцитоз, плазматикалық жасушалардың өсуі, ЭТЖ қалыпты.

● Жіті экзема

Терінің созылмалы ауруы. Экзема көбінесе жүйке және эндокринді жүйелер қызметінің бұзылуынан, созылмалы жұқпалы аурулардың асқынуынан (тонзиллит, гайморит.), организмнің белгілі бір аллергияға аса сезімталдығынан, асқазан-ішек жолдарының ауруларынан пайда болады. Аурудың алғашқы белгісі: ісінген теріде ұсақ, іші суға толы көпіршіктер, қызғылт түсті түйіндер шығады. Кейін олар бір-бірімен тұтасып бірігіп кетеді де, қабыршақтанып, терінің беті жарылады. Экзема түскен жер қатты қышиды. Біртіндеп Экзема пайда болған тері қабаты қатайып, қалыңдай түседі. Ересек адамдарда Экземалық бөртпелер саусақтың, өкшенің, білектің сырт жағынан, ал балаларда бетінен, мойнынан және кеудесінен шығады.

Экзема



Желшешек

Бұл ағзаның орташа улануымен және тері мен шырышты қабатта **дақты-папулезді-везикулярлы бөртпелермен** сипатталатын антропонозды жедел вирусты жұқпалы ауру.

Клиникасы. Ауру бөртпенің пайда болуымен бірден басталады. Бірінші элементтері терінің кез келген жеріне шығуы мүмкін: ішке, жамбасқа, иыққа, кеудеге, бет пен басқа, шаш арасында орналасады. Алғашқыда дөңгелек немесе сопақша формадағы дақтар пайда болып, содан кейін дақтың ортасында папула білінеді де ол везикулаға айналып кетеді. Бөртпе кезеңінде ағзаның улануы әлсіз, аздаған дене қызуы байқалады.

Табиғи шешектен айырмашылығы бұл кезде бетке бөртпе аз шығады, әрі ол кеуде мен аяқ-қолдан кейін кештеу пайда болады.

Жіті дерматит

- Әр түрлі тітіркендіргіш факторлардың әсерінен пайда болатын терінің жедел қабыну ауруы.
- Клиникасы: біріншілік элементтері: папулалар, везикулалар, ісіктер, түйіндақтар. Екіншілік элементтер: жарықтар, қабықшалар, қасынған іздер. Көптеген дерматиттер симптомдары қабынулық қызулар, ісік, қышыну, ашу, қабыну орналасқан жердің температурасы көтерілуі, қабынған жерде ыссы сезіну, үлбірек пен көпіршік пайда болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- А.Қ Дүйсенова , Жұқпалы аурулар ,оқу құралы , Алматы,2014 жыл
- Ющук Н.Д., Инфекционные болезни, 2011 год Интернет желісі:
- <http://www.infectology.ru/nosology/infectious>